

*«ХИМФАРМ» АҚ  
Бас директорының  
27.03.2026 ж. №47  
бұйрығымен бекітілген*

# **POLPHARMA ТОБЫНЫҢ ӘДЕП КОДЕКСІ**

## Мазмұны

Кіріспе .....	1
Polpharma тобы туралы.....	2
Кодекс туралы .....	3
Қысқарған сөздер мен анықтамалар.....	3
Рөлдер мен міндеттер .....	4
Жалпы ережелер.....	5
Негізгі әдеп қағидаттары.....	5
Тұлғааралық қатынастардағы мінез-құлық ережелері .....	7
Іскерлік қатынастардағы және әлеуметтік ортадағы мінез-құлық ережелері .....	9
Күмәндар туындаған жағдайдағы іс-әрекеттер.....	12
Заңның бұзылуы мен заңсыз әрекеттер туралы хабарлама.....	13
Қорытынды ережелер .....	14
Қатысы бар құжаттар.....	14
Құжат тарихының шолуы.....	14

## Кіріспе

Біздің ұйым – үнемі құбылып тұратын жағдайларда қызмет етіп, қарқынды дамып келе жатқан компания. Біздің қызметіміз маңызды әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталғанын, ал біздің өнімдеріміз пациенттердің денсаулығы мен өміріне жақсы әсер ететінін білеміз. Біз өз жұмысымыздың сапасы үшін толықтай жауап береміз және өзімізге артылған сенімнің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз.

Біз іскерлік және экономикалық мақсаттар этикалық құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес келуге тиіс екенін түсінеміз. Polpharma компаниялар тобы ретінде біз өсу мен өрлеу мақсатында қилы жолдарды жүріп өттік. Қызметкерлеріміздің жауапкершілігі, тәжірибесі мен ынта-жігері біздің ұжымдық мәдениетіміздің іргесін қалайды. Мұндай құндылықтар құрметке лайықты және бізді әдептің ең озық стандарттарын ұстануға міндеттейді. «Біз дені сау адамдардың дені дұрыс әлемде өмір сүруіне көмектесеміз» деген миссиямыз әлеуметтік

рөлімізді айқындап, лауазымына, жұмыс орнына немесе еңбек өтіліне қарамастан барлық қызметкерлердің басын біріктіреді.

Әдеп кодексі Polpharma тобының беделін өз ортасының қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын әлеуметтік жауапкершілігі жоғары ұйым ретінде қалыптастырады. Ол Polpharma тобы үшін мақтанышты сезінуге көмектеседі, қауіпсіздік сезімін ұялатады және бәрінің түгел қатысуын көздейді. Кодекске енгізілген әдепті мінез-құлық мәлімдемесі бізге күш-жігер береді және біздің шешімдерімізді қалыптастырады.

Кодекс – бұл жабық ережелер жиынтығы емес, керісінше заманның өзгеріп тұратын талаптарына бейімделетін, технологиялық, әлеуметтік немесе экологиялық сипаттағы жаңа құндылықтарды дәріптеп, заман қиындықтарына қарамастан ашық дамып келе жатқан құрылым. Сонымен қатар Кодекс – фармацевтикалық нарықта жұмыс істейтін топ ретінде біздің ерекше жауапкершілігіміздің айқын көрінісі.

Біз қоршаған ортаға және мүдделі тараптарға жағымды жағынан әсер етуге тырысамыз, өзара сыйластықты ұстанып, ең құнды құқықтық және этикалық стандарттарды сақтауға сүйенетін қатынастарға ұмтыламыз. Біздің барлық мүдделі тараптар, соның ішінде пациенттеріміз мен іскер серіктестеріміз үшін адал, әлеуметтік жауапты мінез-құлқымыздың кепілі болатын және біздің миссиямызға сәйкес қоршаған ортаға деген қамқорлығымызды және қоғамға деген жанашырлығымызды көрсететін Кодексті ұсынамыз.

## Polpharma тобы туралы

Polpharma тобының тарихы 1935 жылы фармацевт Курт Боскамп Польшаның Старогарде-Гданьск қаласында Polpharma химиялық-фармацевтикалық зауытын құрған кезінен басталды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін зауыт мемлекет меншігіне өтіп, 1959 жылы Polfa Фармацевтика өнеркәсібі одағының құрамына енді. 1995 жылы компания өзінің Polpharma деген өзінің тарихи атауын кері қайтарып алды, ал 2000 жылы оны қарқынды жекешелендіру кезеңі басталды.

Бүгінгі таңда мыңдаған қызметкерлердің қажырлы еңбегінің арқасында Polpharma S.A. фармацевтикалық зауыты Польшаның фармацевтикалық нарығындағы жетекші компания және Орталық және Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия нарықтарында жұмыс істейтін халықаралық фармацевтикалық топ болып саналады. Біздің портфолиода дәрілік препараттар мен белсенді заттар бар, бірақ олармен қатар диеталық қоспаларды, арнайы медициналық мақсаттағы тағамдарды, медициналық өнімдер мен косметиканы өндіреміз.

Біз өз қызметіміздің барлық салаларына инновациялық шешімдерді ендірудеміз, әлемдік деңгейдегі технологияларды және өндірістің ең озық стандарттарын пайдаланамыз. Біз ғылымды дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және аурулардың алдын алуға тырысамыз. Пациенттер, медицина мамандары және іскер серіктестеріміз бізге сенім артады.

Біздің басты күшіміз – біз шыққан барлық нарықтардағы Polpharma тобының барлық қызметкерлерінің бірлігінде. Біз олардың өсіп, өніп, мақсаттарға жетуіне жағдай жасаймыз, сонымен қатар өзіміздің, Polpharma тобының және айналамыздың игілігі үшін әрекет етеміз.

## Кодекс туралы

### Бұл Кодекс не туралы?

1. Кодекс:
  - a. Polpharma тобының негізгі этикалық қағидаттарын белгілейді;
  - b. ішкі және сыртқы қатынастардағы барлық қызметкерлердің мінез-құлық стандарттарын анықтайды;
  - c. жетекші персоналдың этикалық үлгі боларлық рөлін атап көрсетеді;
  - d. күмәнді жағдайларда әдепке сай әрекет ету жөніндегі кеңестерді ұсынамыз.

### Кодекстің мақсаты

2. Кодекстің мақсаты:
  - a. Polpharma тобында барлық әрекеттерді орындау және шешім қабылдау үшін негізгі этикалық қағидаттарды анықтау;
  - b. қызметкерлерге арналған нақты мінез-құлық стандарттарын белгілеу арқылы адалдық, құрмет және жауапкершілік мәдениетін барлық жағынан насихаттау;
  - c. этикалық шешімдердің қабылдануына үлес қосу және Polpharma тобының ең жоғары этикалық және құқықтық стандарттарды ұстанатын жауапты ұйым ретіндегі беделін нығайту.

### Қолдану саласы

3. Кодекс Polpharma тобының барлық компаниялары мен қызметкерлеріне қолданылады.
4. Polpharma тобының компанияларымен ынтымақтаса жұмыс істейтін жеке, заңды тұлғалар және ұйымдар Әдеп кодексі ережелерінің толықтай сақтайды және бизнесті адал және заңға сәйкес жүргізеді деп күтеміз.
5. Осы Кодекс пен жергілікті заңдар немесе Polpharma тобының белгілі бір компаниясына қолданылатын нормативтік актілер арасында сәйкессіздіктер болған кезде неғұрлым қатаң ережелер қолданылады.

## Қысқарған сөздер мен анықтамалар

<b>Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің басшысы</b>	Жаһандық нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын және Polpharma S.A фармацевтикалық зауытында нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің жергілікті маманы ретінде әрекет ететін тұлға.
<b>Кодекс</b>	Осы әдеп кодексі.
<b>Контрагент</b>	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратынына, заңды немесе жеке тұлға болғанына қарамастан, атап айтқанда мердігер, жеткізуші, тапсырыс беруші немесе қабылданған ынтымақтастықтың құқықтық нысанына қарамастан, Polpharma тобының компаниясымен қарым-қатынасқа түсетін кез келген басқа заңды тұлға.

<b>Қызметкер</b>	Polpharma тобына еңбек шарты бойынша жалданған адам, уақытша қызметкер, сондай-ақ қауымдастырылған қызметкер (яғни азаматтық-құқықтық шарт бойынша тұрақты негізде қызмет көрсететін тұлға), шәкірт, тағылымдамадан өтуші немесе волонтер.
<b>Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті маман</b>	Нормативтік-құқықтық сәйкестік саласындағы жаһандық саясатқа сәйкес Polpharma тобының белгілі бір компаниясындағы нормативтік-құқықтық сәйкестік үшін жауапты тұлға.
<b>Персоналды басқару жөніндегі жергілікті маман</b>	Polpharma тобының нақты компаниясындағы персоналды басқаруға жауапты тұлға (Polpharma S.A. фармацевтикалық зауытының мәдениет және коммуникациялар бөлімінің басшысы).
<b>Жергілікті басқарма</b>	Polpharma тобының нақты компаниясының басқарушы органы, ол басқарма деп аталуы мүмкін немесе басқа атауы болуы мүмкін және кейбір жағдайларда бір адамнан тұруы мүмкін.
<b>Polpharma S.A. фармацевтикалық зауытының басқармасы</b>	Polpharma тобының барлық компаниялары үшін жаһандық функцияны және Polpharma S.A. фармацевтикалық зауыты үшін жергілікті функцияларды орындайтын басқарма.
<b>Басқарушы персонал</b>	Кем дегенде қарауында бір қызметкері бар барлық тұлғалар.
<b>Polpharma Group тобы (компаниялар), "біз"</b>	Polpharma S.A. фармацевтикалық зауыты және Polpharma S.A. фармацевтикалық зауытының үлестес тұлғалары, соның ішінде "Химфарм" АҚ және оның өкілдіктері немесе филиалдары.

## Рөлдер мен міндеттер

6. **Polpharma S.A. фармацевтикалық зауытының басқармасы және жергілікті басқармалар** Әдеп кодексін бекітуге, оның Polpharma тобының барлық компанияларында қолданылуын қамтамасыз етуге және этикалық құндылықтар мен қағидаттарды дәріптеуге жауапты.
7. **Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің басшысы** заңнаманың талаптарына және нарықтың озық тәжірибелеріне сәйкес Кодекстің қолданыстағы күйінде сақталуын және оның жаңартылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ этикалық мәселелер бойынша жоғары деңгейдегі ұсынымдарын береді.
8. **Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті маман** Кодексте көрсетілген ережелердің сақталуына жауапты болады, өзінің Polpharma тобының тиісті компаниясында Кодекстің сақталуын бақылап, қызметкерлердің кез келген күмәнін сейілтп, ережелерді қолдануда қолдау көрсетеді.
9. **Басқарушы персонал** баршаға үлгі болуы тиіс және қарамағындағыларға өнеге болып жүруі тиіс. Басқарушы персонал келесілерге жауапты болып саналады:
  - a. қарамағындағыларға өз мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін жағдайлар жасау, әдеп құндылықтары мен қағидаттарға негізделген еңбек мәдениетін қалыптастыруға көмектесу;
  - b. қызметкерлермен және контрагенттермен әңгімелесу және жұмыстағы әдеп мәселелеріне назар аудару арқылы Кодексте баяндалған мінез-құлық стандарттары мен қағидаттарын күнделікті кәсіби тәжірибеге енгізу;

- c. барлық қызметкерлердің Кодекстің мазмұнымен танысу мүмкіндігіне ие болуын қамтамасыз ету;
  - d. өз құзыреті шегінде қызметкерлердің әдепке қатысты қарама-қайшылықтарын шешуге байланысты барлық қажетті түсініктемелер немесе кеңестер беру;
  - e. Polpharma тобы үшін де, Polpharma тобымен жұмыс істейтін жеке немесе заңды тұлғалар үшін де жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін кез келген мінез-құлықты жауапсыз қалдырмау;
  - f. әдеп мәселелерін көтеретін қызметкерлерге қолдау көрсету және оларды әдепке сай емес әрекет ететін адамдардың қысымынан қорғау.
10. **Қызметкерлер** Кодекспен танысуға және күнделікті жұмысында этикалық құндылықтар мен қағидаттарды ұстануға жауапты. Polpharma тобының компаниялары Кодекстің ережелерін бұзатын қызметкерлерді жауапқа тартуға құқылы.

## Жалпы ережелер

11. Polpharma тобының миссиясы – «Біз дені сау адамдардың дені дұрыс әлемде өмір сүруіне көмектесеміз». Оның негізінде көптеген жылдар бойы Polpharma тобын құрған адамдардың жеке және кәсіби көзқарастарының әсерінен қалыптасқан әдеп қағидаттары және іскерлік мақсаттарына жетуде арқау болған құндылықтар жатыр.
12. Әдеп кодексін қолданатын қызметкерлер ретінде біз:
- a. өз қызметімізді жүзеге асыратын елдердің ұлттық заңнамасын сақтаймыз;
  - b. біз ішкі және сыртқы қатынастарда әдеп кодексінде белгіленген стандарттарға сәйкес әрекет етеміз;
  - c. компания саясатын ұстанамыз;
  - d. Polpharma тобының құндылықтарын басшылыққа аламыз және жұмысымызды соларға сәйкес бағалаймыз;
  - e. өзіміз өмір сүретін және жұмыс істейтін орта үшін жауапкершілікті сезінеміз;
  - f. жұмыс орнындағы орынсыз мінез-құлыққа бірлесіп қарсы тұрамыз;
  - g. Polpharma тобында қабылданған заң мен этикалық қағидаларға қайшы келетін мінез-құлыққа, соның ішінде осындай мінез-құлыққа қарсы әрекет етеміз;
  - h. көзіміз жетіп тұрған жағдайларда біз әдеп кодексін жақсартатын немесе Polpharma компаниясында әдеп мәдениетін құруды қолдайтын шешімдерді ұсынамыз.

## Негізгі әдеп қағидаттары

13. Негізгі әдеп қағидаттары Polpharma тобын сәйкестендіреді және компанияның діңгегін құрайды. Осындай қағидаттарға сүйене отырып, Polpharma тобы этикалық стандарттарға сәйкес іскерлік мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін өзінің ұйымдық мәдениеті мен құндылықтарын қалыптастырады.

## **Құрмет**

14. Polpharma тобы үшін ең маңызды құндылық – бұл адам. Біз лауазымдарына қарамастан, барлық адамдарға және олардың жұмысына құрметпен қараймыз. Біз бұл қағидатты бізбен ынтымақтасып, бізге жәрдемдесетін, сондай-ақ біздің өнімдерімізді пайдаланатын адамдармен қарым-қатынаста қолданамыз.
15. Біз барлық адамдардың әртүрлілігі мен қадір-қасиетіне құрметпен қарайтын, кемсітпейтін және басқа әдепсіздіктен бойын аулақ ұстайтын жұмыс ортасын құруға тырысамыз. Біз жұмыс орнының қызметкерлердің дамуына және олардың кәсіби және жеке амбицияларын жүзеге асыруға ықпал еткенін қалаймыз.
16. Біз жеке өмірге қол сұқпау құқығын құрметтейміз және жеке өмір мен кәсіби өмір арасындағы тепе-теңдікті ұстанамыз.

## **Кәсіби адалдық**

17. Заңнаманы қатаң сақтау – Polpharma тобына және оның беделіне деген сенімнің арқауы. Polpharma тобы өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдердегі қызметкерлер қолданыстағы заңнамамен танысып, оны орындауға міндетті.
18. Polpharma тобы үшін кәсіби адалдық сонымен қатар жалпы қабылданған этикалық қағидалардың мен озық тәжірибенің сақталуын білдіреді. Бұл біздің нарықтағы қызметіміз бен бәсекелестігімізден, сондай-ақ біздің өнімдерімізді дәріптейтін адал және сенімді жарнамадан көрініс табады.

## **Бірлік**

19. Басқа адаммен бірлікте болу – бұл біздің жұмысымызды қызмет деп түсіну және оған шын берілу.
20. Polpharma тобы науқастарға немесе зардап шегетін адамдарға көмек пен қолдау көрсетеміз. Біз фармацевтикалық нарықтың ең биік стандарттарына сәйкес келетін терапиялық шешімдерді үнемі жетілдіруге тырысамыз.

## **Жауапкершілік**

21. Біздің жұмысымыз көптеген адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатына әсер ететінін біле отырып, бәріміз жұмыс орнымыз бен орындалатын тапсырмалардың сапасы үшін жауапты боламыз.
22. Polpharma тобы өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасына ерекше назар аударады. Біз өзіміз өндіретін өнімдердің, атап айтқанда өмірлік маңызды дәрілік препараттардың адамдар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті сезінеміз.
23. Біз өз міндеттемелерімізді адал орындаймыз. Оларды құрметтеу, сондай-ақ коммерциялық құпия мен қызметтік ақпаратты құрметтеу арқылы біз сенімге сай ұйым құрамыз.
24. Біз өз активтерімізге ұқыптылықпен қарап, оны төтенше тәуекелдерден қорғаймыз.

## **Ынтымақтастық**

25. Polpharma тобы барлық қызметкерлері мен контрагенттерінің білімі мен жан-жақты құзыреттілігіне негізделген ұжымдық жұмысты бағалайды, сондықтан әр адамның күнделікті бейілділігіне ризашылығымызды білдіреміз.

26. Біз қызметкерлердің тәжірибесіне және олардың инновацияларға, жаңа идеяларға ашықтығына сүйене отырып, өз ұстанымымызды нығайтамыз.
27. Polpharma тобында ашық қарым-қатынас пен диалогтың маңызы зор. Біздің мақсатымыз – сындарлы түрде келісімге қол жеткізу және әріптестік қатынастар құру. Қызметкерлер бір-бірін қолдайды және ортақ мақсаттарға жетуге тырысады.
28. Адамдар, командалар және Polpharma тобының құрамына кіретін барлық ұйымдар арасындағы ынтымақтастық біздің нарықтағы жетістіктерге жетелейді. Бұл сонымен қатар іскер және әлеуметтік серіктестермен өзара тиімді қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді.

## Тұлғааралық қатынастардағы мінез-құлық ережелері

### Біз алға жылжу, кәсіби даму және сыйақы төлеудің тең мүмкіндіктерін ұсынамыз

29. Polpharma тобы қызметкерлердің өсуіне және кәсіби қанағаттануына ықпал ететін еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Біз адамдарды әрекетке ынталандырамыз және таланттар мен қабілеттерді ашу үшін кеңістік жасаймыз.
30. Біз сыйақылар мен премиялар жүйесін объективті өлшемшарттарға сай келетіндей етіп белгілейміз. Басқарушы персонал жұмысты объективті өлшемшарттар мен фактілер негізінде тыңғылықты түрде және сенімді бағалайды.
31. Біз үшін кәсіпқойлық, тәжірибе және жұмыс нәтижелері құнды. Біздің мансап жолымыз тек Polpharma тобы компаниясының қажеттіліктеріне, жұмыс нәтижелеріне және қойылған міндеттерді орындауға бейілділігіне бағытталады. Кәсіби өсу мүмкіндіктерін талқылап отырамыз. Жекелеген лауазымдарға қойылатын құндылықтар мен талаптарға сәйкес компанияда іске асырылатын білім мен дағдыларды жетілдіру бағдарламаларымен танысу мүмкіндігін ұсынамыз.
32. Біз еңбекке ақы төлеудің жария тәжірибесін қолдануға және барлық қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге тырысамыз.

### Біз адамның қадір-қасиетін құрметтейміз.

33. Polpharma тобы халықаралық конвенцияларға сәйкес адам құқықтарына құрметпен қарайды.
34. Біз бұл жолда:
  - a. адамның қадір-қасиетін қорлауға, соның ішінде адам құқықтарына нұқсан келтіретін, құрметтемейтін, кемсітетін немесе қорлайтын мінез-құлыққа жол бермейміз;
  - b. адамның өзін-өзі төмен бағалауына, оқшаулануына немесе ұжымнан шеттетілуіне бағытталған кез келген қудалау немесе қорқыту әрекеттеріне үзілді-кесілді қарсы боламыз.
35. Бізбен байланыстағы адамдардың жеке ақпаратын қорғаймыз және жария етпейміз.
36. Біз қауымдастықтарға мүше болу бостандығын құрметтейміз.

## **Біз әртүрлілікті бағалаймыз**

37. Polpharma тобының мәдениеті жынысына, жасына, этникалық тегіне, ұлтына, дініне, сексуалдық бағдарына, түр-түсіне, денсаулығына, физикалық мүмкіндіктеріне немесе қызметкерлер арасындағы айырмашылықтың кез келген басқа қырына қарамастан барлығына бірдей қарауды көздейді.
38. Айырмашылықтарға қарамастан, біз бір-бірімізді құрметтейміз және әдептен озбаймыз. Біздің күшіміз – біздің әртүрлілігімізде. Күнделікті іс-әрекеттерде біз барлық қызметкерлер мен контрагенттердің терең және алуан түрлі тәжірибесіне сүйенеміз.
39. Біз басқалардың пікірлеріне құрметпен қараймыз, өйткені пікірлер неғұрлым көп болса, біздің дамуымызға септігін тигізіп, қиындықтарды жеңуге көмектеседі деп сенеміз. Мұндай мақсатқа жетудің кілті – ашық диалог пен білім алмасу.

## **Біз адал әрекет етеміз және тіл табысамыз**

40. Біз адал әрекет етеміз, орынды тәжірибені ұстанамыз және кәсіби деңгейде қарым-қатынас жасаймыз, осының бәрі біздің беделімізді сақтауға көмектеседі. Біз алдау, ашық айтпау немесе әдейі жаңылыстыру сияқты әдепсіздіктерден бойымызды аулақ ұстаймыз.
41. Біз шешімдерімізді жария етіп, қол жеткізген нәтижелерімізді ашық талқылаймыз. Біз үміт-тілектеріміз бен алға қойылған міндеттерге қатысты ақпарат береміз.
42. Біз ұжымдарда серіктестік пен достық қарым-қатынастарын орнықтыруға ықпал ететіндей білімімізбен бөлісеміз. Біз Polpharma тобы мен айналамыздың игілігі үшін әрекет ету мақсатында ынтымақтастық пен өзара қолдауды жоғары бағалаймыз.

## **Еңбектің қауіпсіз және салауатты жағдайларын қамтамасыз етеміз.**

43. Polpharma тобы үшін еңбек қауіпсіздігі және қызметкерлердің денсаулығын сақтау өте маңызды. Біз жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғауға қатысты заңдар мен нормативтік актілерді сақтап, осы саладағы заңнама талаптарынан тыс еңбек жағдайларын жақсарту үшін белсенді әрекет етеміз.
44. Біз хабардарлықты арттырып, қызметкерлерден жұмыста сақ болуды талап етеміз, соның ішінде қызметкерлердің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдайлар туралы ескертеміз.

## **Біз Polpharma компаниясының беделін ойлаймыз.**

45. Өзара құрмет пен сенімді басшылыққа ала отырып, Polpharma тобы қызметкерлердің жеке өмірін қорғау құқығын құрметтейді. Сонымен қатар қызметкерлер өздерінің жұмыстан тыс мінез-құлқы Polpharma тобының имиджі мен беделіне әсер ететінін түсінуі тиіс.
46. Айналадағы адамдармен қарым-қатынаста қызметкерлер:
  - a. Polpharma тобының жақсы аты мен беделін қорғайды,
  - b. Polpharma тобының брендін мен құндылықтарын құрметтейді,
  - c. Жаһандық саясатта - желідегі этикетте көрсетілген онлайн және бұқаралық ақпарат құралдарындағы байланыс ережелерін сақтайды.

## **Іскерлік қатынастардағы және әлеуметтік ортадағы мінез-құлық ережелері**

### **Біз өз міндеттемелерімізді орындаймыз**

47. Polpharma тобы өз мойнына алған міндеттемелерді орындау үшін бар күшін салады. Клиенттердің қауіпсіздігі және контрагенттермен адал қарым-қатынас мақсатында біз орындай алмайтын уәделерді бермейміз.

### **Біз Polpharma тобының активтерін қорғаймыз**

48. Polpharma тобы кәсіби адалдыққа өзгеше көзбен қарайды. Біз Polpharma тобының активтерін дұрыс пайдалануға және оларды ысырап етудің немесе дұрыс пайдаланбаудың алдын алу үшін жауаптымыз.
49. Компания активтеріне негізгі құралдар мен басқа да жылжымалы мүлік, заңда қорғалатын ақпарат, сауда белгілері және басқа да материалдық емес активтер, барлық қолма-қол қаражат және ақша қаражаты кіреді, бірақ олармен шектелмейді. Тағы бір маңызды актив – бұл қызметкерлер тиімді пайдалануға міндетті жұмыс уақыты.
50. Polpharma тобының активтері компанияда жұмыс істейтіндер мен олармен байланыстағы тұлғалардан өз міндеттерін дұрыс орындауды талап етеді. Олар қолданыстағы саясатқа қайшы келетін тәсілдермен жеке мақсатта пайдаланбауға тиісті.

### **Біз ашықтықты ұнатамыз**

51. Polpharma тобы заңды құрметтеуге және оның сақталуына басымдық береді.
52. Біз коммерциялық транзакцияларымызды және басқа бухгалтерлік операцияларды дәл және ашық түрде құжаттаймыз. Біз қаржылық нәтижелер туралы есеп береміз және тәуелсіз аудиттерден өтеміз.

### **Біз алаяқтықтың алдын алып, оған жол бермейміз**

53. Polpharma тобы құжаттарды бұрмалау, ақпаратты бұрмалау, активтерді заңсыз иемдену немесе кез келген басқа алаяқтық сияқты әрекеттерді қоса алғанда, кез келген нысандағы алаяқтықтың алдын алады және оған жол бермейді.
54. Қызметкерлер белгіленген есептілік арналары бойынша кез келген күдікті немесе нақты алаяқтық әрекеттер туралы дереу хабарлауға және алаяқтықты анықтауға және алдын алуға бағытталған ішкі аудит, тергеу және мониторинг процестерін толық көлемде ұстануға міндетті.

### **Мүдделер қақтығысын болдырмаймыз**

55. Жеке мүдделер (мысалы, отбасылық мүдделер) немесе басқа байланыстар Polpharma тобының мүдделеріне қайшы келетін болса, біз мүдделер қақтығысын тудырған әрекеттен немесе шешімнен бас тартамыз.

### **Біз ешқандай артықшылықтар бермейміз және қабылдамаймыз**

56. Біз қарым-қатынастар орнату немесе қолдау немесе бизнесте, атап айтқанда саясаткерлерге, мемлекеттік қызметкерлерге, аудиторларға немесе басқаларға олардың

рәсми шешімдеріне әсер ету мақсатында заңсыз артықшылықтар ұсыну арқылы немесе табыс ету арқылы Polpharma тобының беделіне қауіп төндірмейміз.

57. Біз медицина қызметкерлеріне заңда рұқсат етілмеген артықшылықтарды ұсынбаймыз. Медицина қызметкерлеріне арналған біздің жарнамалық қызметіміз қолданыстағы заңнамаға, жалпы қабылданған тәжірибеге сәйкес келеді және символдық сипатта болады. Медицина қызметкерлеріне заңмен рұқсат етілген қызметтерді көрсеткені үшін ұсынылатын сыйақы олардың біліктілігіне, орындалатын жұмыс көлеміне және әділ нарықтық баға қағидатына сәйкес келуі керек. Толық ережелер маркетинг қызметі туралы нұсқаулықта сипатталған (жергілікті деңгейде қабылданған).
58. Егер олар бір реттік немесе жарнамалық сипатта болса және ешқандай міндеттеме жасамаса немесе жұмыс шешімдері мен әрекеттеріне әсер етпесе, қызметкерлер іскерлік сыйлықтарын қолданыстағы заңнамада және әдет-ғұрыптарда рұқсат етілген жағдайда ғана қабылдайды. Сыйлықтардың рұқсат етілген құны және олармен жұмыс істеу тәртібі сыбайлас жемқорлыққа қарсы кодексте сипатталған (жергілікті деңгейде қабылданған).
59. Біз сондай-ақ қоғам теріс қабылдауы мүмкін, сый алушының теріс реакциясын тудыруы немесе Polpharma тобының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттерден аулақ болуға тырысамыз.

### **Біз қонақжайлылық қағидаттарын ұстанамыз**

60. Polpharma тобы қонақжайлықтың қонақтың дәстүрлері мен мәдениетіне сәйкес келуін қамтамасыз ету және сыпайылық пен іскерлік этикеттің ерекше көрінісін қамтамасыз ету үшін бар күшін салады. Біз қоғам теріс қабылдауы мүмкін, сый алушының теріс реакциясын тудыруы немесе Polpharma тобының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қонақжайлылықтың жағымсыз көріністерінен аулақ болуға тырысамыз.
61. Жарнамалық жиналыстар мен ғылыми іс-шаралар кезінде медицина жұмыскерлеріне қатысты қонақжайлылық көрсетуде заңда белгіленген шектеулерді ұстану қажет. Қонақжайлық кездесудің мақсаты мен сипатына қатысты шектен шықпауы тиіс және бекітілген әдет-дәстүрлерді бұза алмайды.

### **Біз адал бәсекелестік пен қызмет бабымен жоғарылау ережелерін қолданамыз**

62. Polpharma тобы адал бәсекелестік ережелерін және монополияға қарсы заңнаманы сақтайды.
63. Біз жарнамалар мен жарнамалық іс-шаралардың қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуін, атап айтқанда, оларды тексеру процесін қоса алғанда, ішкі саясатты қабылдау және қолдану арқылы қамтамасыз етеміз. Жарнамалық іс-шараларды өткізу кезінде біз адал, сенімді әрекет етеміз және ешкімді жаңылыстыруға тырыспаймыз.
64. Біз клиенттерге немесе іскер серіктестерге дұрыс емес немесе жалған ақпарат, сондай-ақ айқын емес немесе түсініксіз ақпарат берілуін құптамаймыз.

### **Біз зияткерлік меншік пен коммерциялық құпияны құрметтейміз.**

65. Біз құпия ақпаратты, соның ішінде алдыңғы жұмыс берушілерден немесе рұқсат берілмеген кез келген басқа ақпарат көздерінен алынған электронды түрде жазылған ақпаратты пайдаланбаймыз.

66. Біз Polpharma тобы туралы коммерциялық, техникалық немесе ғылыми ақпаратты қорғап, компанияға зиян тигізуі мүмкін болса, жария етпейміз. Біз рұқсатсыз ақпарат алмасудың немесе осындай ақпаратты пайдаланудың алдын аламыз. Біз контрагенттер ұсынатын құпия ақпаратқа ұқсас қорғауды қолданамыз.
67. Біз тиісті құқықтарсыз үшінші тұлғалар құрған зияткерлік меншікті қандай да бір тәсілмен пайдаланбаймыз.

### **Біз өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік береміз**

68. Polpharma тобының ең басты міндеті – пациенттер мен тұтынушылар алдында өндіретін өнімдеріміздің сапасы, қауіпсіздігі және кедергісіз қол жеткізуі үшін жауапты болу. Біз бұл туралы әзірлеудің, өндірудің, сақтаудың және сатудың әр кезеңінде ұмытпаймыз.
69. Біз озық өндірістік тәжірибенің халықаралық стандарттарын сақтаймыз және барлық қызметкерлердің өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы үшін жиынтық жауапкершілікті сезінуіне және күнделікті іс-әрекеттерімен осындай стандарттарды сақтауға белсенді үлес қосуға тырысамыз.

### **Біз жеткізушілермен жақсы қарым-қатынас орнатамыз**

70. Әлеуметтік жауапты компания ретінде біз жеткізушілеріміздің адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарын ұстануына, соның ішінде бала еңбегі мен мәжбүрлі еңбекке тыйым салуға, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, адал бәсекелестік қағидатына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қоршаған ортаны қорғауға үлкен мән береміз. Жеткізушілердің Polpharma тобының этикалық қағидаттарын білуі және құрметтеуі маңызды.
71. Біз өзімізбен байланыс орнатқысы келетін барлық субъектілердің объективтілігі мен теңдігі қағидатын басшылыққа аламыз. Біз сенімді ақпарат береміз және ынтымақтастық процесіне қатысты кез келген күмәнді жағдайды жедел айқындауға ұмтыла отырып, жеткізушілермен арадағы ынтымақтастықтың сапалы болуын бағалаймыз.

### **Біз жаңа технологияларға бет бұрамыз**

72. Polpharma тобы жаңа технологияларды, соның ішінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект дамыту нәтижесінде туындайтын инновациялық шешімдерге жауапкершілікпен қараймыз. Біз оларды тек ашық, қауіпсіз және әділ түрде, қолданыстағы заңнама шеңберінде және адамның қадір-қасиетін құрметтей отырып қолданамыз. Біз өзгелерді жаңылыстыратын, кемсітетін немесе сенімге нұқсан келтіретін технологияларды қолданбаймыз.

### **Біз деректерді қорғаймыз және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз**

73. Polpharma тобы қолданылатын деректерді қорғау туралы заңдар мен ақпараттық қауіпсіздік ережелерін, соның ішінде оқиғалар туралы есеп беру қағидатын сақтайды.
74. Біз АТ-жүйелердің тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы жеке және іскерлік деректерді қорғауға тырысамыз. Біз қызметкерлерді оқыту арқылы кибер-гигиенаны насихаттаймыз және цифрлық тәуекелдерді басқару жауапкершілігін өз мойнымызға аламыз.

## **Біз медициналық деректерді жауапкершілікпен қолданамыз және оны ашық түрде жеткіземіз.**

75. Polpharma тобы пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін медициналық деректер мен технологияларды жауапкершілікпен пайдалануға тырысады. Біз қолданыстағы ережелерге сәйкестікті қамтамасыз етеміз, пациенттердің құпияларын қорғаймыз, медицина қызметкерлерімен және пациенттермен қарым-қатынасымызды ашық ұстаймыз.

## **Біз пациенттер мен медицина қызметкерлерін қолдаймыз**

76. Polpharma тобы пациенттердің заманауи диагностиканы пайдалануын жеңілдетіп, профилактика және денсаулық сақтау саласындағы оқытуды жеңілдетуге бағытталған бағдарламаларға қатысады. Біз осы саладағы медицина қызметкерлерімен ынтымақтасамыз, медицина және фармацевтика саласындағы ғалымдарға қолдау көрсетеміз.

## **Біз парасатты көршілестікті сыйлаймыз.**

77. Polpharma тобы жергілікті қауымдастықтармен өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа негізделген жақсы қарым-қатынасты қамтамасыз етуге тырысамыз. Біз осы өңірдегі қызметіміздің ауқымына сәйкес экономикалық, әлеуметтік және мәдени өсуге үлес қосу арқылы жергілікті қауымдастықтарды дамытуға қатысамыз.

78. Біз Polpharma тобында жұмыс істейтін немесе бізбен ынтымақтасатын барлық адамдардың әлеуметтік белсенділігін қолдаймыз. Біз қайырымдылықпен айналысу (соның ішінде дәрілік препараттарды тегін ұсыну) және қызметкерлердің ерікті қызметі сияқты азаматтық бастамаларға ықпал ететін ортаны құру арқылы ең мұқтаж адамдарға қамқорлық жасаймыз.

## **Біз қоршаған ортаны қорғаймыз және ұтымды жолдарды таңдаймыз.**

79. Polpharma тобы қоршаған ортаның нашарлауы мен климаттың өзгеруіне байланысты қауіптерді жақсы біледі және оларды жоспарлау мен іскерлік мақсаттарға жету кезінде ескереді. Біз өз қызметімізді қоршаған ортаға теріс әсерді, біздің ықпал ету аймағымыздағы өмір сүру сапасы мен жағдайларының үнемі төмендеуін ескере отырып, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жүргіземіз.

80. Біз климатты қорғауға және жұмыста да, одан тыс жерлерде де қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған бастамаларды бағалаймыз және экологиялық хабардарлықты арттырамыз.

81. Біз экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару (ESG) қағидаттарын біздің қызметімізге кіріктіреміз, экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару бойынша ашық есептер ұсынуды қамтамасыз етеміз, жеткізулер тізбегін этикалық тұрғыдан басқаруға тырысамыз және «гринвошинг» жағдайлары туралы белсенді түрде ескертеміз. Біздің тұрақты күш-жігеріміз Polpharma тобының құндылықтарын және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді көрсетеді.

## **Күмәндар туындаған жағдайдағы іс-әрекеттер**

82. Әдеп кодексі Polpharma тобындағы этикалық құндылықтар мен мінез-құлық қағидаттары туралы білімнің негізгі көзі болып саналады. Әдеп кодексі әдеп стандарттары мен

қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс үшін қажетті қолдауды ұсына отырып, біздің мінез-құлқымыздың негізін анықтайды.

83. Осы Кодекске сәйкес қызметкерлер төмендегілерді үздіксіз бағалауы тиіс:

- a. белгілі бір мінез-құлықтың Polpharma тобының адал және сенімді іскер серіктес ретіндегі беделінің нығайтылуы,
- b. белгілі бір мінез-құлықтың Polpharma тобына немесе оның имиджіне нұқсан келтіруі немесе
- c. белгілі бір мінез-құлықтың Polpharma тобының тұтынушыларына біздің өнімдерге қол жеткізу құқығын жоғалту қаупін тудыруы.

84. Алайда Әдеп кодексінің ережелері тиісті әдептілікті бағалау жүргізу үшін жеткіліксіз болатын жағдайлар туындауы мүмкін деп ойлаймыз. Мұндай жағдайларда қызметкерлер өздерінің күмәндері туралы өздерінің тікелей бастығымен, персоналды басқару жөніндегі жергілікті маманмен немесе нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті маманмен (Polpharma S.A. фармацевтикалық зауытының нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің басшысымен) кеңесуге құқылы.

85. Егер қандай да бір жағдайда қалай әрекет ету керектігі туралы күмән туындаса, қызметкерлер келесі сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- a. Менің осы жағдайдағы мінез-құлқым қолданыстағы заңнамаға, ішкі саясатқа және әдеп кодексінде көрсетілген этикалық құндылықтар мен қағидаттарға, сондай-ақ өзімнің құндылықтарыма сәйкес келе ме?
- b. Бұл мінез-құлық менің кәсіби міндеттерімді орындаған кезде қабылдайтын шешімдеріме әсер етуі мүмкін бе?
- c. Мен өзімді осылай ұстағанда не сезінемін?
- d. Мен басқалардың күн сайын осылай әрекет еткенін қалаймын ба?
- e. Маған өзгелердің осындай көзқараста болғанын қалаймын ба?
- f. Менің мінез-құлқым туралы жақындарым естісе, не сезінер еді?
- g. Менің бастығым және басқа әріптестерім бұл жағдайға қалай қарайды?
- h. Мұндай жағдай Polpharma тобының қаржылық немесе бедел шығындарына әкелуі мүмкін бе?
- i. Егер бұқаралық ақпарат құралдарында осындай жағдай болса, менің жақындарымның, әріптестерімнің және басшымның және Polpharma тобының ортасының реакциясы қандай болар еді? Сонда мен не сезінемін?

## Заңның бұзылуы мен заңсыз әрекеттер туралы хабарлама

86. Әдеп кодексінің кез келген болжамды немесе нақты бұзушылықтары туралы нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің басшысына немесе нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті маманға хабарлау қажет. Ақпаратты ұсыну процесі заң бұзушылықтар мен заңсыз әрекеттер (жергілікті деңгейде қабылданған) туралы хабарламаларды ұсыну рәсімінде сипатталған. Сыртқы мүдделі тараптар үшін есеп беру арнасы Polpharma тобының веб-сайтында қолжетімді.

87. Polpharma тобы әр есепке үлкен мән береді және оны мұқият талдайды. Барлық есептер құпия болып саналады. Есеп беретін тұлға қарсы шаралардан қорғалған және қабылданған кейінгі әрекеттер туралы хабардар етілуге тиіс.

## Қорытынды ережелер

88. Осы Кодекс екі жылда кемінде бір рет қайта қаралады.

## Қатысы бар құжаттар

- a. Комплаенс жүйесі саласындағы жаһандық саясат
- b. Сыртқы байланыстар саласындағы жаһандық саясат
- c. Адал бәсекелестікті қамтамасыз ету және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы жаһандық саясат
- d. Жаһандық саясат - Желілік этикет
- e. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кодекс (жергілікті деңгейде қабылданған)
- f. Заңның бұзылуы мен заңсыз әрекеттер туралы хабарламаларды ұсыну рәсімі(жергілікті деңгейде қабылданған)
- g. Маркетинг қызметі туралы нұсқаулықтар (жергілікті деңгейде қабылданған)
- h. Моббингке және жұмыс орнындағы кемсітушілікке қарсы іс-қимыл жөніндегі жаһандық саясат
- i. Мемлекеттік органдардың тексеру немесе тінту жағдайын арналған нұсқаулығы (жергілікті деңгейде қабылданған)
- j. Ақпаратты жария ету туралы жаһандық мәлімдеме
- k. Ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен күрес туралы жаһандық мәлімдеме

## Құжат тарихының шолуы

	Күшіне енген күні	Нұсқасы	Өзгерістердің сипаттамасы (бөлімдер мен қосымшалардың нөмірі)
1	27.03.2026	0	Құжатты қабылдау